

Қарағанды облысының білім басқармасы
Осакаров ауданының білім бөлімінің
" Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі " КММ



Бекітемін
Директор

Гаукелова А. Д.
" " " 2023 жыл

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ» КММ терроризмге қарсы комиссиясының жұмысы туралы ереже

Терроризмге қарсы комиссия терроризмге қарсы іс-әрекет және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру кезінде білім беру мекемесі жеке құрамының өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін үйлестіруші орган.

Комиссия өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, ҚР Үкіметінің, басқа атқару билігінің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкімдерін, сонымен қатар осы Ережені басшылыққа алады.

Комиссия өз қызметін атқару билігі және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, сонымен қатар басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырады.

Комиссия қызметінің негізгі мақсаты - терроризмге қарсы іс-әрекет және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеп, енгізу.

Комиссияның негізгі міндеттері:

- терроризм туралы ақпаратты және оның Сарыозек ауылының аумағында даму тенденциясын сараптау;
- үнемі терроризмге қарсы қорғалу және өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыс жүргізу.
- мектептің кешенді қауіпсіздігіне төнген әлеуетті және шын қауіп-қатерді уақытылы айқындау.
- педагогикалық қызметкерлермен және мектеп оқушыларымен төтенше жағдай туындаған кездегі іс-әрекет тәртібі туралы нұсқаулық өткізу.
- төтенше жағдай кездегі іс-әрекет алгоритмін жетілдіру үшін жартыжылда бір рет «Қауіпсіздік күнін» өткізу.
- қызметкерлер мен оқушылар террористтік акт немесе басқа төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет нұсқаулығы.
- терроризмге қарсы іс-әрекет және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз бағытталған іс-шараларды жоспарлауға жүзеге асыру
- терроризмге қарсы іс-әрекет және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің іс-шаралар жүйесін жетілдіру

Комиссияның құқықтары:

- өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-әрекет және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қажетті шешімдер қабылдау;
- мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдар мен лауазымды тұлғалардан өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажет құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұрату;
- комиссия жұмысына қатысу үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғалары мен мамандарын, ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін қатыстыру ;
- комиссия шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыру.

Комиссия жетекшісі:

- комиссия қызметін басқарады;
- комиссияның қабылдаған шешімдеріне қол қояды;
- комиссия құзыретіндегі сұрақтардың шұғыл түрде қарастырылуын қажет ететін жағдайда комиссия кеңесін өткізу туралы шешім қабылдайды;
- комиссия мүшелері арасында міндеттемелерді үлестіреді;
- комиссия шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асырады.

Комиссия мүшелерінің міндеттері:

- комиссия кеңестеріне қатысу, қарастырылатын сұрақтарды талқылауға және шешім қабылдауға қатысу;
- комиссия жетекшісі берген тапсырмалар мен міндеттемелерді орындау;
- комиссия шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- комиссия кеңесіне қатыса алмаған жағдайда, бұл туралы алдын ала комиссия жетекшісіне хабарлау;
- қажет болған жағдайда күн тәртібіндегі сұрақтарға қатысты өз пікірін жазбаша түрде комиссия жетекшісіне жолдау.